

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТЕМІН
Басқарма төрағасы –
ректор, профессор
М.Төлеген
(басқарма отырысының
2025 ж. «09» қыркүйек
№ хаттамасы)



ЕРЕЖЕ

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ІС ТӘЖІРИБЕСІ ТУРАЛЫ

ШҚУ Е 021-25

Үшінші басылым

№ _____
Енгізу күні _____

Өскемен қаласы
2025 ж.

2025 ж. 09 қыркүйек №16

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Белгілер мен қысқартулар.....	4
4	Зерттеу іс тәжірибенің мақсаты мен міндеттері.....	4
5	Зерттеу іс тәжірибесінің мазмұны.....	5
6	Зерттеу іс тәжірибесін ұйымдастыру.....	6
7	Зерттеу іс тәжірибе бойынша есептік құжаттама және магистрантты бағалау.....	6
8	Өзгерістер.....	8
9	Келісу, сақтау және тарату.....	9
	Қосымша 1.....	11
	Қосымша 2.....	12
	Қосымша 3.....	13
	Қосымша 4.....	14
	Қосымша 5.....	15

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 3 беті

1 Жалпы ережелер

1.1 Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы Ереже (әрі қарай – Ереже) магистранттардың зерттеу тәжірибесінен өту тәртібін реттейді, оның міндеттерін, мазмұнын анықтайды.

1.2 Зерттеу іс тәжірибе (әрі қарай – іс тәжірибе) магистратура бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және диссертациялық зерттеудің таңдалған тақырыбы шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізумен, ғылыми жарияланымдар дайындаумен және диссертациялық жұмыстың талдау бөлігімен байланысты практикалық қызмет түрі болып табылады.

1.3 Зерттеу іс тәжірибесін ұйымдастырушы магистранттарды даярлау бағыты бойынша университеттің бітіруші кафедралары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі болып табылады.

1.4 Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны дайындық бағытының ерекшелігін ескере отырып, сондай-ақ магистранттардың жеке жұмыс жоспарына сәйкес іс тәжірибе бағдарламасымен анықталады.

1.5 Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі ғылыми-зерттеу ұйымдарында, өндірістік кәсіпорындар мен фирмалардың ғылыми-зерттеу бөлімшелерінде, университеттердің мамандандырылған зертханалары мен кафедраларында, Қазақстан Республикасының орталық кітапханалары мен мұрағаттарында, ғылыми-білім беру және инновациялық орталықтар базасында немесе магистрлік диссертацияларды орындауға болатын далалық зерттеулер түрінде (ғылыми жетекшінің келісімі бойынша) жүргізіледі.

1.6 Бітіруші кафедра базасында магистрлік диссертацияларды орындау жоспарланған ғылыми-зерттеу ұйымдарымен келісім шарт жасасуы тиіс.

1.7 Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны магистрлік диссертация тақырыбымен анықталады.

1.8 Зерттеу іс тәжірибе нақты тәжірибе мазмұны мен формасын анықтайтын (магистранттың пікірін ескере отырып) ғылыми жетекшінің және зерттеу іс тәжірибесінің жетекшісінің бақылауымен өтеді.

1.9 Зерттеу іс тәжірибесінің нәтижелері бойынша білім алушылар толық есеп береді және оны кафедраның қорытынды конференциясында қорғайды. Аттестаттау нәтижелері бойынша бойынша білім алушыларға қорытынды баға қойылады.

1.10 Зерттеу іс тәжірибесінің ұзақтығы мен уақыты академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленеді.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 4 беті

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

2.5 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы».

2.6 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Академиялық саясаты (С.Аманжолов атындағы ШҚУ Ғылыми кеңесінің 28.03.2025 жылғы № 10 хаттамасымен бекітілген).

3 Белгілер мен қысқартулар

Е – Ереже

ҚР – Қазақстан Республикасы;

МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

СІКЕЖжБӨ – сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

СХЫжАБ – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚҚЕжББ – құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ҚБЖ – құрылымдық бөлімшенің жетекшісі;

ШҚУ ҚР – Шығыс Қазақстан университеттің құжатталған рәсімі;

4 Зерттеу іс тәжірибенің мақсаты мен міндеттері

4.1 Зерттеу іс тәжірибеде отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 5 беті

ақ практикалық дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндіру мақсатында жүргізіледі.

4.2 Зерттеу іс тәжірибенің міндеттері:

-ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру мен жүргізудің заманауи әдістерін меңгеру;

- деректерді талдау мен түсіндірудің заманауи әдістерін меңгеру;

- диссертациялық жұмысты дайындау үшін нақты материал жинау;

- таңдалған салалық ғылыми және / немесе практикалық қызметте тиімді дербес зерттеу қызметі үшін қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыру;

- білім алушыларда кәсіби қызметке шығармашылық, зерттеушілік көзқарасты, тұрақты өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру.

5 Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны

5.1 Білім беру бағдарламасының талаптарына және профиліне сәйкес, іс-тәжірибе ұйымдастыру үшін зерттеу іс-тәжірибе бағдарламасы әзірленеді (бұдан әрі – іс тәжірибе бағдарламасы).

5.1.1 Іс тәжірибе бағдарламасы - зерттеу іс-тәжірибе қызметінің білім алушылардың шынайы жағдайда оқыту мазмұнын анықтайтын нормативтік-әдістемелік құжат. Бағдарламада іс-тәжірибенің мақсаты мен міндеттері айқындалады, қалыптасқан кәсіби білімдердің тізімі, құзыреті мен дағдылары, оқу нәтижелері анықталады, тапсырмалардың түрлері мен мазмұны тағайындалады, іс-тәжірибені дайындауға және өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар ұсынылады.

Іс тәжірибе бағдарламасының мақсаты - тікелей іс-тәжірибеден өту орындарында білім алушылардың кәсіби-практикалық даярлық процесін басқару.

Іс тәжірибе бағдарламасы білім алушыларда кәсіби маңызды дағдыларды, зерттеушілік құзыреттіліктерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

5.1.2 Іс тәжірибе бағдарламасы БББ сәйкес университет кафедраларының профессор – оқытушылар құрамы (бұдан әрі-ПОҚ) барлық БББ бойынша ғылым мен білімнің қазіргі заманғы жетістіктерін, педагогикалық білім берудің қазіргі заманғы трендтерін, стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен ұсынымдарын, мекеменің (ұйымның) іс-тәжірибе базасы ретіндегі мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді.

5.1.3 Іс-тәжірибе бағдарламасы кафедралардың отырысында қаралады, академиялық комитеттің отырысында іс-тәжірибе базаларының өкілдерімен қаралады және келісіледі және жоғары мектептер кеңесімен бекітіледі.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 6 беті

5.1.4 Іс тәжірибе бағдарламалары олардың өзектілігі тұрғысынан жыл сайын қайта қаралуға және жоғарыда көрсетілген рәсімге сәйкес бекітілуге жатады. Іс тәжірибе бағдарламасы егер оны жаңарту үшін негіз болмаса, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімде, қайта мақұлдамай қолданыста болады.

5.2 Магистранттар үшін зерттеу іс тәжірибесінің еңбек сыйымдылығы 9 кредитті құрайды.

5.3 Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны білім алушылардың диссертациялық зерттеуінің тақырыбына және Ережеге, жеке жұмыс жоспармен айқындалады.

5.4 Магистранттың зерттеу іс тәжірибесі келесі қызмет түрлерін қамтуы мүмкін:

5.4.1 Диссертациялық жұмыстың таңдалған тақырыбына сәйкес зерттеудің эмпирикалық базасымен жұмыс (деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін зерттеу, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ақпаратты жүйелеу);

5.4.2 Анықтамалық-библиографиялық жүйелерді, ғылыми ақпаратты іздеу тәсілдерін зерделеу; заманауи ІТ технологиялармен және онлайн платформалармен жұмыс істеу дағдыларын игеру, отандық және шетелдік электрондық деректер базаларымен жұмыс істеу;

5.4.3 Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалана отырып, диссертациялық жұмыс тақырыбына байланысты ғылыми және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер жүргізу;

5.4.4 Алынған мәліметтерді өңдеу, талдау және қорыту;

5.4.5 Магистрлік диссертация дайындау үшін жиналған материалдарды жүйелеу;

5.4.6 Ғылыми журналда алынған нәтижелерді дайындау және жариялау;

5.4.7 Республикалық немесе халықаралық конференцияларда зерттеу нәтижелерін таныстырумен баяндама жасау.

6 Зерттеу іс тәжірибені ұйымдастыру

6.1 Магистратура бағдарламалары бойынша білім алушылардың зерттеу іс тәжірибесін ұйымдастыруға жауапты тұлғалар – білім беру бағдарламаларын жүргізетін кафедралар мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі болып табылады.

6.2 Магистранттарды зерттеу іс тәжірибеге жіберу университет басқарма төрағасы – ректордың бұйрығымен рәсімделеді. Бұйрықта практика өтудің мерзімі, практика базасы және практика жетекшісі көрсетіледі.

6.3 Практика базасы, белгілі бір ұйымға немесе мекемеге жіберілетін магистранттардың саны кафедраның шешімімен айқындалады. Бұл

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 7 беті

шешімдер қолданыстағы келісімшарттарға және практикадан өту орындарындағы орындардың болуына байланысты қабылданады.

9.4 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын кафедра мынаған жауап береді:

- зерттеу іс тәжірибесінің базалары болып табылатын ұйымдармен шарттар (келісімшарттар) жасасуға;
- зерттеу іс тәжірибесінің бағдарламасын бекітуге;
- зерттеу іс тәжірибесінің бекітілген бағдарламасына сәйкес жұмыстардың орындалуын мониторингтеуге;
- зерттеу іс тәжірибесінің нәтижелері бойынша магистранттардың аттестациясын өткізуге.

9.5 Магистранттың ғылыми кеңесшісі, яғни практика барысындағы тікелей жетекшісі келесі міндеттер үшін жауапты:

- зерттеу іс тәжірибесі барысында ғылыми-әдістемелік көмек көрсетуге;
- магистранттың іс тәжірибесі бағдарламасын уақтылы әрі сапалы орындауын қамтамасыз етуге;
- магистранттың қызметтік этика нормаларын, академиялық адалдық стандарттары мен қағидаттарын сақтауын бақылауға;
- зерттеу іс тәжірибесі аясында жүргізілген жұмыстарға объективті баға беруге және магистранттың есептік құжаттаманы уақтылы ұсынуын бақылауға;
- магистрантта ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыруға.

7 Зерттеу іс тәжірибе бойынша есептік құжаттама және магистрантты бағалау

7.1 Іс тәжірибеден өту туралы есептік құжаттарға мыналар жатады:

7.2 Белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген зерттеу іс тәжірибеден өту туралы есеп. Есеп іс тәжірибе аяқталғаннан кейін бір апта ішінде тапсырылады.

7.3 Есеп мазмұны. Есеп мәтіні келесі негізгі құрылымдық элементтерді қамтуы керек:

- Титул парағы (Қосымша 1);
- Кафедрадан практика жетекшісі жасаған магистранттың зерттеу практикасынан өтуі туралы жеке жоспар кестесі (Қосымша 2);
- Зерттеу іс тәжірибесіне жолдама (Қосымша 3);
- Белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген зерттеу іс-тәжірибесінен өткені туралы күнделік - есеп (Қосымша 4).

7.4 Қысқаша аналитикалық есеп (Қосымша 5):

- Іс-тәжірибе базасы туралы мәліметтер
- Пайдаланылған әдістер мен жұмыс технологиялары;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 8 беті

- Орындалған жұмыс туралы мәліметтер;
 - Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтер;
- 7.5 Жұмыс туралы қорытындылар, ұсыныстар:**

– тәжірибе барысында алынған дағдылар мен дағдылардың сипаттамасы;

– зерттеу нәтижелерін енгізу, оларды жаңа немесе жетілдірілген өнімді немесе технологияны әзірлеу үшін пайдалану мүмкіндігін талдау;

– магистрлік диссертация жазу үшін жүргізілген зерттеудің практикалық маңыздылығы туралы.

7.6 Қосымшалар.

7.7 Білім алушы - практикантты мадақтау және сынау.

7.8 Тәжірибе жетекшісінің сипаттамасы.

7.9 Іс тәжірибе бойынша есепті ресімдеуге қойылатын негізгі талаптар:

- Тиісті есеп компьютерде 1 интервалдан кейін басылуы керек, Times New Roman шрифті, 14 pt; шеттердің өлшемдері: жоғарғы және төменгі – 2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ – 1 см;

- Ұсынылатын есеп көлемі – 10-20 бет машинкамен басылған мәтін (қосымшасыз);

- Есепке 20 беттен аспайтын, есеп беттерінің жалпы санына кірмейтін қосымшалар енгізілуі мүмкін;

- Есеп кестелермен, графиктермен, диаграммалармен және т. б. суреттелуі керек.

7.10 Зерттеу іс тәжірибесі бойынша аттестаттау екі кезеңде жүзеге асырылады.

7.11 Бастапқы кезеңде ғылыми жетекші ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен дағдыларының қалыптасуына, орындалатын жұмысқа, практикаға деген көзқарасқа (жауапкершілік, дербестік, шығармашылық, жұмысқа деген қызығушылық дәрежесі және т.б.) баға береді, оны пікірде баяндайды.

7.12 Келесі кезеңде білім беру бағдарламасының барлық білім алушыларының қатысуымен шағын конференция түрінде тәжірибе бойынша есеп қорғалады. Әрбір магистрант жүргізілген зерттеу нәтижелерінің презентациясын пайдалана отырып есепті қорғайды. Білім алушылардың зерттеу іс тәжірибесін ұйымдастыруға жауапты оқытушы ұсынылған: есеп, іс тәжірибесі жетекшісінің пікірі бойынша іс тәжірибені бағалайды.

7.13 Зерттеу іс тәжірибесі қорытындылары бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп және іс тәжірибесі жетекшісінің пікірі негізінде жүргізіледі. Аттестаттау қорытындылары бойынша төрт балдық жүйе (А, В, С, D) бойынша баға қойылады.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 9 беті

8 Өзгерістер

8.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІКЕЖжБӨ-нің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама құжат түрінде оның қолы қойылып ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы Ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген Ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші жүргізеді. Ережедеге өзгерістерді ҚБЖ өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХЫЖАБ және ҚБЖ жауапты болады.

8.3 Ережені тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей ҚБЖ-мен қайта қаралады.

8.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болады:

- нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген заң күші бар өзгерістер мен толықтырулар;
- басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- СІКЕЖжБӨ-нің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚББ қызметтік жазбасы.

8.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде Ереже ауыстырылуы тиіс.

8.6 Ауыстырылған жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс.

8.7 Ереженің ескіргендерін ауыстыру және алып тастау үшін ҚБЖ және СХЫЖАБ жетекшісі жауапты.

8.8 Күші жойылған Ереже күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа орналастырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

9 Келіссөздер, сақтау және тарату

9.1 ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Ережені келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

9.2 Ережені ҚБЖ әзірлейді.

Ереже келісіледі:

- СІККЖжБӨ;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 10 беті

- осы құрылымдық бөлімге тікелей жауапты академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

- Академиялық саясат және білім беру бағдарламаларының басқару департаментінің директорымен;

- СХЫЖАБ жетекшісімен;

- құжаттама және бақылау бөлімінің жетекшісі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жетекшісі - комплаенс-офицермен;

- заңгер-кеңесшімен.

9.3 Ереже басқарма төрағасы-ректормен бекітіледі және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

9.4 Ереженің түпнұсқасы ҚҚЕЖББ-нде сақталады, оның сақталуына ҚҚЕЖББ-ның жетекшісі жауапты болады.

9.5 Есепке алынған Ереженің жұмыс даналарын таратуды ҚҚЕЖББ жүзеге асырады.

9.6 Ереженің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін жауапкершілік ҚБЖ-не жүктеледі.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 10 беті

ӘЗІРЛЕДІ:

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру бөлімінің жетекшісі



Т.А. Абылайханова

КЕЛІСІЛДІ:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету
жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Академиялық саясат және білім беру
бағдарламаларын басқару
департаменті директоры



Е.Ə. Қайырбеков

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
бақылау бөлімінің жетекшісі



И. Сакалбаева

Персонал және құқықтық қолдау
басқармасы жетекшісінің уақытша м.а.



К.Р. Раисова

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс
қызметінің жетекшісі-комплаенс-офицер



Қ.Е. Жексембаев

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 11 беті

Қосымша 1

«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

Жоғары мектебі _____

Кафедра _____

Күнделік-есеп

_____ іс-тәжірибе бойынша

(іс-тәжірибе түрі)

Күндізгі оқу түрі _____ курс білім алушысы

БББ

(білім алушының Т.А.Ә.)

Іс-тәжірибеден өту орны:

(Кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің атауы)

Іс-тәжірибе мерзімі:

20__ ж. «__» _____ бастап 20__ ж. «__» _____ дейін

Кәсіпорынның (ұйымның, мекеменің) іс-тәжірибе жетекшісі:

(Т.А.Ә., лауазымы)

(Қолы)

Сәрсен Аманжолов атындағы
жетекшісі: _____

(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, лауазымы, атағы)

ШҚУ іс-тәжірибе

(Қолы)

Қорытынды баға: _____

Өскемен, 20__ ж.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 12 беті

Қосымша 2

Жеке жоспар-кестесі *(кафедра жетекшісімен толтырылады)*

Күні	Тапсырмалар және олардың мазмұны (іс-әрекеттері)	Орындалу мерзімі бойынша ұсыныстар
1 апта		
... апта		

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 13 беті

Қосымша 3

Жолдама

Мекемеде қалады

«Магистранттардың зерттеу/ өндірістік іс-тәжірибесі туралы» 202__ ж.
«__» _____ № _____ - ст бұйрығы негізінде «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университеті» КЕ АҚ 7М04101-Экономика БББ бойынша күндізгі оқу түрі
«1/2» курс білім алушысы Калиева Айым Аскарқызы зерттеу іс- тәжірибесінен өту үшін
жіберілді.

(іс-тәжірибе базасының атауы)

Іс-тәжірибе басталуы «__» _____ 20__ г.

Іс-тәжірибе аяқталуы «__» _____ 20__ г.

Басқарма төрағасы-ректор _____ М.Төлеген
М.П. (подпись)

Оқу орнына қайтарылады

Келу және кету туралы белгі

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ _____
БББ шифры мен атауы
БББ бойынша күндізгі оқу түрі «__» _____ курс білім алушысы _____
Т.А.Ә.
зерттеу іс- тәжірибесінен өту үшін

Келді

Кетті

20__ ж. «__» _____
_____ Мекеме басшысы

20__ ж. «__» _____
_____ Мекеме басшысы

Қолы, мөр

Қолы, мөр

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 14 беті

Қосымша 4

Күнделік-есеп

Күні, айы	Әрбір күн үшін іс-тәжірибенің бағдарламасы мен жоспар-кестесіне сәйкес орындалған (зерделенген) жұмыстардың атауы	Жетекшінің белгісі
...		

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 15 беті

Қосымша 5

Қысқаша аналитикалық есеп
Іс-тәжірибе базасы туралы мәліметтер _____

Пайдаланылған әдістер мен жұмыс технологиялары _____

Орындалған жұмыс туралы мәліметтер _____

Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтер _____

Жұмыс туралы қорытындылар, ұсыныстар _____

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: _____

Білім алушының қолы _____
20__ ж. «__» _____

5 Білім алушы - практикантты мадақтау және сынау

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Магистранттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 021-25	19 беттің 16 беті


6 Іс-тәжірибе жетекшісінің сипаттамасы


Қорытынды баға ____ балл.

____ іс-тәжірибе жетекшісі
(іс-тәжірибе түрі)
____ Т.А.Ә.
(іс-тәжірибе базасынан тікелей жетекшісі)

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____ Т.А.Ә.

20__ ж. «__» _____ М.О.

[illegible]



**Келесі тексеру
мерзімі 2028 ж.**

19 беттің 19 беті

МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

[illegible]